

ЗИНАҚОРЛЫҚ



sarhaan.com

عَلَّامٌ غُيُوبٍ

"Әрі зинаға шақындамаңдар...."

("әл-Исра"; 32)

Зина

Құран Кәрімнің «әл-Муъминун» сүресінде Аллаһ Тағала өзінің құлдарының қайсылары бақытқа, құтылуға лайық екені туралы сөз етеді. Аса Жоғары Раббымыз кімде-кім өз-өзіне бақыт тілесе, сол ең алдымен иман келтірген болуы, яғни бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағалаға шын жүректен сенетін, тек Оған ғана құлшылық ететін, тек Оған ғана дұғамен жүгінетін болуы керек екенін айтады. Ол өлімнен кейін болатын Ақырет яғни мәңгілік өмірге және Жаратушымыздың түсірген Қасиетті Кітаптарында және Оның елшілері мен пайғамбарлары хабарлаған барлық нәрселеріне иман келтіреді. Кейін Аллаһ Тағала бұл аяттарда бақыт пен құтылуды қалайтын адамға қажетті болған басқа да сипаттарды атап, солардың арасында арлылық, тазалық, азғындықтан аулақ болу, зина мен бұзықтықтан сақтануды да атайды. Ол былай деген:

وَالَّذِينَ هُمْ لِأَفْوَاجِهِمْ حَافِظُونَ إِلَّا عَلَىٰ أَزْوَاجِهِمْ

«Олар жұбайларынан бөлек басқалардан ұятты жерлерін сақтайды»

(«әл-Муъминун» сүресі, 5-6 – аяттар).

Бүгінгі әңгімеміз адамдардың ар-намысына қол сұғу, Аллаһ тыйым салған жолмен нәпсі құмарлығын қанағаттандыру және әке-шешесінің тілін алмайтын тесіз балалардың туылуына, әлдебір отбасылар мен әулеттерге ешқандай қатысы жоқ адамдарды соларға жатқызуға себеп болатын бір сұмдық қылмыс туралы болғалы отыр. Бұл қылмыс сондай-ақ адамдар арасында жиіркенішті жаман аурулардың таралуына да себеп болады.

Бұл қандай қылмыс?

Сөзсіз, әңгіме зинақорлық жайлы айтылып жатыр, оның арабша атауы да «әз-зина». Зинақорлық дегеніміз не? Бұл ер адамның онымен некеде тұрмаған бөгде әйелмен, немесе әйелдің өзімен некеде тұрмаған бөгде еркекпен жыныстық қатынасқа түсуі.

Бұл тарау азғындық жасаудан ұялмайтын, Аллаһ Тағала тыйым салған жыныстық қатынасқа түсетін адамдарға арналған.

Уа зина жасауға батылы барған адам, сен Оны құрметтеуге және жақсы көруге, Одан қорқуға міндетті болған, сенің өмірің мен өлімің толықтай Соған тәуелді болған Раббың әрі Жаратушың азғындық пен зинақорлық деп аталатын некесіз қарым-қатынасқа қатаң түрде тыйым салғанын білмейсің бе? Ол зинақорлыққа ғана емес, оның кез келген тәсіліне де тыйым салды, Ол Өзінің шариғатымен соған апаратын барлық жолдарды кесіп тастады. Адамзат жаратылған күннен бастап, жер бетінде адамзат өмір сүрген кез-келген заманда зинақорлық өте үлкен күнә және аса ауыр қылмыс болған, әрі ол Қиямет күніне дейін осылай болып қала береді. Барлық Қасиетті Кітаптарда, барлық дүниетанымдарда, Раббымыз бүкіл пайғамбарлары мен елшілері арқылы әрқашан адамдардан азғындықтан аулақ болуды үзілді-кесілді талап етті.

Жаратушымыздың Құранда не деп айтқанына назар аударыңыз:

وَلَا تَقْرُبُوا الزَّانَا ۚ إِنَّهُ كَانَ فَاحِشَةً وَسَاءَ سَبِيلًا

«Зинаға жоламаңдар. Өйткені ол анық арсыздық және жаман жол!»

(«әл-Исра» сүресі, 32-аят).

Әй барлық нәрсені Білуші, Көруші және Естуші Аллаһтан ұялмайтын адам, сен Раббымыздың өз көзімізді, жыныс мүшелерімізді зина мен бұзықтықтан сақтауды бұйырғанын білмейсің бе?! Ол былай деген:

قُلْ لِلْمُؤْمِنِينَ يَغُضُّوا مِنْ أَبْصَارِهِمْ وَيَحْفَظُوا فُرُوجَهُمْ ۚ ذَٰلِكَ أَزْكَىٰ لَهُمْ ۚ إِنَّ اللَّهَ خَبِيرٌ بِمَا يَصْنَعُونَ

«(Мухаммад) муминдерге айт: (бөгде әйелдерге қараудан) көздерін сақтасын.

Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Бұл олар үшін өте жақсы. Рас,

Аллаһ олардың не істегендерінен хабардар»

(«ән-Нур» сүресі, 30-аят).

Аллаһтың Елшісі Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ يَضْمَنْ لِي مَا بَيْنَ لَحْيَيْهِ وَمَا بَيْنَ رِجْلَيْهِ أَضْمَنْ لَهُ الْجَنَّةَ

«Кім маған екі жақтарының арасындағысына (яғни тіліне) және екі аяғының арасындағысына (яғни жыныс мүшесіне) кепілдік берсе, мен оның Жәннатқа

кіруіне кепілдік беремін»

(хадисті әл-Бухари келтірген, 6474).

Ей зинақорлықты тастамайтын адам, Аллаһ Тағала оны көпқұдайшылық (яғни, Өзімен бірге басқа біреуге құлшылық ету) және кісі өлтіру сияқты сұмдық күнәлардан кейін бірден атап айтқан ең ауыр күнәлардың бірі екенін білесің бе?

Аллаһ Тағала Өзінің сүйікті құлдары жайлы айтып, былай деген:

وَالَّذِينَ لَا يَدْعُونَ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا آخَرَ وَلَا يَقْتُلُونَ النَّفْسَ الَّتِي حَرَّمَ اللَّهُ إِلَّا بِالْحَقِّ وَلَا يَزْنُونَ ۚ وَمَنْ

يَفْعَلْ ذَٰلِكَ يَلْقَ أَثَامًا يُضَاعَفْ لَهُ الْعَذَابُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَيَخْلُدْ فِيهِ مُهَانًا

«Олар Аллаһпен бірге басқа құдайларға жалбарынбайды. Аллаһ өлтірілуін тыйым салған жанды қақысыз өлтірмейді әрі зина жасамайды. Ал кімде-кім осыларды істесе, сол күнәға жолығады. Қиямет күні, ол үшін еселенген азап

болады, әрі олар онда қор болып, мәңгі қалады»

(«әл-Фурқан» сүресі, 68-69 – аяттар).

Уа азғындық жасаушы! Аллаһтың сені кез келген лауазымыңда және кез келген ісінде көріп, бақылап тұратынын ұмыттың ба? Егер сен Аллаһтың назарынан бір жерде жасырына аламын деп ойласаң, онда сен мүлде мұсылман емессің және барлық нәрсенің Жаратушысына иман келтірмедің. Бірақ өзіңді мұсылман санап, әлемдердің Раббысына иман келтірген болсаң, онда оның алдында қалай зина жасайсың?! Сен әлдебір әйелмен оның күйеуінің көзінше зина жасайсың ба? Әрине жоқ. Әлдебір әйелмен оның әкесінің көзінше зина жасайсың ба? Әрине жоқ! Сен олардан ұяласың және қорқасың! Бірақ оның да, сенің де Жаратушың мен Раббыңның алдында қалайша зина жасайсың?!

Әй зинадан жиренбейтін адам! Бұзықтық қаншама шаңырақ пен отбасыларды бұзып, елдер мен халықтардың жойылуына себеп болатынын және адамдарға ауыр азаптар әкелетінін білмейсің бе? Зинақорлықтың кесірінен қаншама үй

қирады, азғындықтан адам баласына жер сілкіністері, су тасқыны, қирау, жоқшылық, қорлық, қиыншылық, сан түрлі аурулар секілді бәлелер келді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

إِذَا ظَهَرَ الزَّنَا وَالرِّبَا فِي قَرْيَةٍ، فَقَدْ أَحْلَوْا بِأَنْفُسِهِمْ عَذَابَ اللَّهِ

«Егер қандай да бір елді мекенде зинақорлық пен өсімқорлық (яғни пайызбен қарыз беру) таралса, оның тұрғындары міндетті түрде Аллаһтың азабына ұшырайды», - деген.

(хадисті әл-Хаким келтірген, 2308; әл-Әлбани «Сахих әт-Тарғиб уә әт-тархиб» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 1859)

Уа зинақор! Сенің күнәң адамзат баласының басынан өткерген және келешекте әлі де соларға жолығуы мүмкін қорқынышты және сұмдық аурулардың адамдар арасында кең таралуына себеп болып табылатынан білесің бе? Адам ұрпағының күнәлары үшін жіберілген мерез, гонорея, спид және басқа да апатты аурулар жайлы естімедің бе? Өзінің нәпсісінен ешнірсе айтпаған, бірақ бізге тек Жаратушымыздың сөздерін жеткізген Аллаһтың Елшісі Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) не деп айтқанын тыңда. Ол былай деген:

لَمْ تَظْهَرِ الْفَاحِشَةُ فِي قَوْمٍ قَطُّ حَتَّى يُعْلِنُوا بِهَا، إِلَّا فَشَا فِيهِمُ الطَّاعُونُ وَالْأَوْجَاعُ الَّتِي لَمْ تَكُنْ مَضَتْ فِي أَسْلَافِهِمُ الَّذِينَ مَضَوْا

«Кез келген қауымда ашықтан-ашық жасалатындай азғындық таралса, онда бұл қауымның арасында міндетті түрде ата-бабалары білмеген індеттер мен дерттер тарайды»

(хадисті Ибн Мәжаһ, 4019 және әл-Хаким, 8623 келтірген. Әл-Әлбани «Сахих ибн Мәжаһ» еңбегінде хадисті жақсы деп атаған, 3246).

Біздің халқымыздың арасында да азғындық пайда болып, кең етек алды, сондықтан да осы сұмдық, апатты дерттер кең жайылып, күшейе түсуде. Олармен ерлер де, әйелдер де ауырады, ал олардан бұл аурулар балаларға, кейінгі ұрпақтарға жұғып өтеді. Мұның бәрінің астарында зинақорлықтан басқа ештеңе жоқ! Ал бұл жазадан қауіпсіз жыныстық қатынасты жарнамалап, мектеп оқушыларына презерватив қолдануды үйрету арқылы емес, тәубеге келу және азғындықтан бас тарту, тазалық пен пәктікке оралу арқылы құтылу керек.

Әй бөгде әйелдермен жыныстық қатынасқа түсетін адам! Біреу сенің қарындасыңмен, анаңмен, әйеліңмен, қызыңмен зина жасағанын қалайсың ба?! Мен сенен үзілді-кесілді «Жоқ!» дегеннен басқа жауап күтпеймін. Ендеше, зинақорлық – бұл өтеуді талап ететінқарыз екенін біл. Егер сен осы қарызды өз мойныңа алсаң, онда отбасыңның бір мүшесімен өтейсің, яғни сен біреудің жақыны болған бір әйелге құмар болғаныңдай, біреу де сенің жақының болған әйелге құмар болады. Исламның көрнекті ғұламасы имам әш-Шәфиғи былай деген екен:

«Таза және пәк болыңдар, сонда әйелдерің де таза әрі пәк болады!

Мұсылманға жарамсыз нәрселерден аулақ болыңдар!

Кім бөтен үйде мың тиын беріп зина жасаса,

Оның үйінде басқа біреу тегін зина жасайтын болады!

Кім зина жасаса, өз отбасында да азғындықты көреді.

Ей ақылды адам, зинақорлық қарыз екенін түсініңіз,

Алсаңыз, үйдегілеріңізбен төлейсіз!»

Аллаһтың құлдарының ар-намысына қол сұқпаңдар, өйткені олардың ар-намысы жандары мен мүліктері секіді қол сұғылмас нәрсе. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қоштасу қажылығында Ұлы Арафа күні мұминдерге былай деп өсиет еткен екен:

فَإِنَّ دِمَاءَكُمْ وَأَمْوَالَكُمْ وَأَعْرَاضَكُمْ عَلَيْكُمْ حَرَامٌ، كَحُرْمَةِ يَوْمِكُمْ هَذَا، فِي شَهْرِكُمْ هَذَا، فِي بَلَدِكُمْ هَذَا

«Расында, сендердің жандарың, мал-мүліктерің, ар-намыстарың, бір-бірің үшін осы Қасиетті қаладағы (яғни Меккедегі), осы Қасиетті айдағы, осы Қасиетті күн секілді қол сұғылмайтын және қасиетті нәрсе»

(хадисті әл-Бухари, 1739 және Муслим, 1679, келтірген).

Бірде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір жас жігіт келіп: «Уа Аллаһтың Елшісі! Маған зина жасауға рұқсат беріңіз», - деді. Адамдар бұл жас жігіттің сөздерін естіп, оған ұрысып, сөйлемейін талап етті. Ал Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келсек, ол оған: **«Бері жақында»**, - деді. Жігіт жақындады. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан: **«Сен біреудің сенің анаңмен зина жасағанын қалайсың ба?»**, - деп сұрады. Ол: «Аллаһпен ант етемін, жоқ! Мен сіз үшін өтем болайын», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Дәл осылай, адамдарға басқалардың олардың аналарымен зина жасағаны ұнамайды»**, - деді. Кейін ол: **«Сен біреудің сенің қызыңмен зина жасағанын қалайсың ба?»**, - деп сұрады. Жігіт: «Аллаһпен ант етемін, жоқ! Мен сіз үшін өтем болайын», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Дәл осылай, адамдарға басқалардың олардың қыздарымен зина жасағаны ұнамайды»**, - деді. Кейін ол: **«Сен біреудің сенің әпкеңмен зина жасағанын қалайсың ба?»**, - деп сұрады. Жігіт: «Жоқ! Мен сіз үшін өтем болайын», - деп жауап берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Дәл осылай, адамдарға да басқалардың олардың әпкелерімен зина жасағаны ұнамайды»**, - деді. Кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жас жігітке әке және ана жағынан болған тәтелері жайлы осындай сұрақтар қойды. Кейін ол жігітке қолын тигізіп: **«Уа Аллаһ! Оның күнәларын кешір, оның жүрегін тазарт, оған арлылық нәсіп ет»**, - деді. Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болған осы әңгімеден кейін бұл жігіт ешқашан ешбір тыйым салынған нәрсеге қарамаған екен»

(хадисті Ахмад «Әл-Муснадта», 5/256-257, әл-Хайсами «Мужмағ әз-зауаидта», 1/129 келтірген; әл-Әлбани «Әс-Силсиләт әс-сахиха» кітабында хадисті сенімді деп атаған, 370).

Ей, осы сұмдық күнәсін әлі де тастамаған адам, өлімді ұмыттың ба?! Зинамен айналысып жатқан сәтте ажал сені басып алады деп қорықпайсың ба?! Бұл нендей ұят болар еді! Мәйітіңді жезөкшенің үйінен алып кетеді! Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): **«Аллаһ пендені өлген күйінде қайта тірілтеді»**, - деген. Ұлы Қиямет күні зинақор болып өлгеннен кейін қайта тірілгенде, не істейсің?!!

Өлетініңді ұмыттың ба, сені күтіп тұрған бейітті, қара жердің топырағына көмілетініңді, қараңғылықты, жалғыздық пен қорқынышты, қабір құрттарын ұмыттың ба? Ұлы Жаратушының алдында тұрып, істеген істеріңнің жазасын алатыныңды ұмыттың ба?

Зинақорларды ақыретте не күтіп тұрғанын, өлілер қайта тірілгеннен кейін келетін дүние мен Ақыреттің арасындағы Барзах деп аталатын қабірдегі аралық кезең болатын өмірді білесіз бе? Ендеше Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көргендері туралы не айтқанын тыңдаңыз. Ол бір күні түнде екі періште оны өздерімен бірге ертіп, күнәхарларды өлімнен кейін күтіп тұрған азапты көрсеткенін хабарлаған. Басқа сөздерінің қатарында ол сондай-ақ былай баяндаған еді: **«Ал біз ары қарай жүріп, көп дауыстар естілетін үлкен пешке келдік. Біз оған қарағанымызда, оның ішінде жалаңаш ерлер мен әйелдерді көрдік. Кенет пештің түбінен жалын көтеріліп, оларға жеткенде олар азапталып айқайлай бастады. Мен серіктерімнен: «Бұл кімдер?» - деп сұрадым. Олар: «Біз саған қазір жауап бермейміз, әрі қарай жүрейік!», - деді».** Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол сапарларының соңында періштелердің оған: «Сен пеш сияқты құрылыста көрген жалаңаш ерлер мен әйелдер - зинақорлар», - деп айтқанын жеткізді. Қиямет күні зинақорларды ұлы азаптар күтіп тұр. Аллаһ Тағала былай деген:

لَهَا سَبْعَةُ أَبْوَابٍ لِّكُلِّ بَابٍ مِنْهُمْ جُزْءٌ مَّقْسُومٌ

«Тозақтың жеті қақпасы бар. Әр қақпаға олардан (күнәхарлардан) бір бөлігі айрылады»

(«әл-Хижр» сүресі, 44-аят).

Сахабалардың шәкіртерінен болған көрнекті имам Ато осы аятты тәпсірлей отырып: *«Бәрінен де асқан қайғы, ыстық, күйініш және жиіркенішті иіс зинақорларға арналған қақпада болады»,* – деген.

Зинақор – бұл өзіне, отбасына, қоғамға қарсы бағытталған қылмыс жасайтын қылмыскер. Зинақорлықтың салдары - аборттар, яғни жазықсыз балаларды олар ана құрсағында кезінде ақ өлтіру; әкесіз немесе анасыз, немесе екеуін де көрмей өсіп келе жатқан тастанды балалар; руын, тегін білмейтін адамдар. Некедегі әйелдердің бөтен еркектермен қарым-қатынасының салдарынан олардың күйеулері өмір бойы бөтен еркектің балаларын өз балам деп асырап, оларды өздеріне жатқызып, өз тегін беріп, өз отбасына жатқызады. Зинақорлықтың кесірінен тіпті ер адам әлдебір әйелге үйленіп, кейін соның өз қызы немесе әкесінің өзге әйелмен некесіз қарым-қатынастан туған қызы, яғни өзінің туған қарындасы екенін біліп жатады, Аллаһ бізді бұндайдан сақтасын.

Шынында да, зинақорлық – бұл отбасыларды, үйлерді, қоғамды, ұлтты бұзатын жойқын ауру.

Сондықтан Ислам оған апаратын барлық жолдарды жауып тастайды. Сондықтан да Аллаһ Тағала әйелдердің бөтен адамдардың көз алдында әдемі киініп, денесін, басын жаппай, түрлі хош иісті заттармен хош иістеніп шығуына тыйым салған. Шынында да, әйелдер адамға азғырушы. Егер ол үйден әдемі киініп, шарифат бекіткен киіммен жабылмай, еркектердің көзіне өз сүйкімділігін ашса, онда тақуалықпен ерекшеленбейтін адам оны көргенде, бұл оны күнәға апаратын әрекеттерге итермелейді.

Дәл сол себепті бөтен әйелмен оңаша қалуға, ерлер мен әйелдердің отырыста бірге болуына тыйым салынған. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

لَا يَخْلُونَنَّ رَجُلٌ بِامْرَأَةٍ إِلَّا كَانَ ثَالِثَهُمَا الشَّيْطَانُ

«Егер еркек әйелмен оңаша қалса, онда үшіншісі әлбетте шайтан болады»

(хадисті Ахмад, 117 және әт-Тирмизи, 2165 келтірген; әл-Әлбани «Сахих әт-Тирмизи» кітабында хадисті сенімді деп атаған).

Өзіңізді, абыройыңызды зинадан сақтаңыз, Аллаһтың разылығы үшін қыздарыңызды, әпке-қарындастарыңызды, әйелдеріңізді сақтаңыз. Егер сіздің қызыңыз немесе әйеліңіз, әпкеңіз үйден кетсе, оның қайда бара жатқанын сұраңыз, оның қалай киінгеніне қараңыз, бұған немқұрайлы және бейқам болмаңыз. Үйіңізге зинақорлықтың енуінен сақ болыңыз, өйткені бұл сіздің үйіңізде орын алса, бұл шын мәнінде үлкен қайғы және адам төзгісіз азап болады. Адам дүние-мүлкінің жоғалуына, жақындарының өліміне шыдауы мүмкін, бірақ намысқа тиетін соққыға шыдауы өте қиын, өйткені мұсылманның намысы бәрінен қымбат.

Сондай-ақ тәубе есіктерінің ашық екенін, Аллаһ құлдарының тәубесін қабыл ететінін, тәубе етушілерді жақсы көретінін және күнәларды кешіретінін есте сақтаңыз, тәубені кешіктірмей жасап, жаңа, таза, тым кеш болмай тұрып жақсы өмір бастау керек. Жаратушымыз былай деген:

وَإِنِّي لَغَفَّارٌ لِّمَن تَابَ وَآمَنَ وَعَمِلَ صَالِحًا ثُمَّ اهْتَدَىٰ

«Мен тәубе етіп, иман келтіріп, игілік істеп, тура жолда болғанға өте

Жарылқаушымын»

(«Та-Ха» сүресі, 82-аят).